

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ білім алушылары арасында фотоколладан «Туған өлкенің табиғаты» республикалық байқауын қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ білім алушылары арасында фотоколладан «Туған өлкенің табиғаты» республикалық байқауын қашықтықтан өткізу ережелері (бұдан әрі - Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсат: педагогтер мен білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, іс-тәжірибеде ақпараттық технологияларды белсенді қолдануға тарту.

Міндеттері:

✓ табиғатты аялауға тәрбиелеу, мәдени дәстүрлерді дамыту, табиғатпен келісімді салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау;

✓ өсіп келе жатқан ұрпақтың экологиялық ой-өрісін, экологиялық бастамаларын дамыту;

✓ дербес шығармашылыққа деген қызығушылықты арттыру;

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 18 тамыз - 23 қазан аралығында** балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары **2015 жылғы 16 қазанға дейін** iao.konkurs@mail.ru электрондық поштасында қабылданады.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 249 312 , 87718307957 Кенжебек Хұрметұлы.

7. **2015 жылғы 16 қазаннан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

9. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін педагогтер 2000 (екі мың) теңге, білім алушылар 1000 (мың теңге) төлемақы төлейді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16

КНП: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы мақсаты: «Туған өлке табиғаты» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, **iao.konkurs@mail.ru** электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысын анықтау **2015 жылғы 23 қазанда** жүргізіледі.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

12. Байқауға:

I топ – 12-17 жастағы білім алушылар;

II топ – барлық санаттардағы педагогтер.

13. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- ✓ «Су кеңістіктері»;
- ✓ «Орман біздің байлығымыз»;
- ✓ «Жануарлар әлемінде».

14. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады:

Байқауға қатысу үшін туған өлке табиғаты, адамның қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлесі, оның кіші отанының флора және фаунасымен әрекеттесуі бейнеленген фотосуреттерден түрлі графикалық редакторлардың көмегімен жасалған фотоколлаждар қабылданады.

- ✓ файл 5 мб аспайтын көлемде, JPEG, GIF форматында болуы тиіс.
- ✓ сурет көлемі 1024*768 пиксельден кем болмауы тиіс.

15. Бөгде адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыста қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністерінің суреттері, адамның немесе бір топ адамдардың кез келген түрде қадір-қасиетін кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

16. Байқау жұмысы титул парағында көрсетіледі:

- ✓ облыс, аудан (қала), ауыл;
- ✓ білім беру ұйымының атауы;

- ✓ байқау мен номинацияның атауы;
- ✓ аты-жөні, автордың жасы;
- ✓ оқу орны, сынып, электрондық пошта, жетекшінің аты-жөні;
- ✓ педагогтің аты-жөні;
- ✓ педагогтің лауазымы, жұмыс орны.

17. Байқауға бір немесе екі номинациядағы жұмыстар қабылданады, бірақ бір қатысушыдан әр номинацияда үш жұмыстан артық болмауы тиіс.

18. Байқау қорытындысының соңында жеңімпаз қатысушылардың ең үздік жұмыстары www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

19. Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында, «Галерея.Мұражай.Көрме», «Ұстаз-Шәкірт» қауымдастығының («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) мүшесі болуы тиіс.

20. Байқауды бағалау критерийлері:

- ✓ байқаудың тақырыбына, мақсат, міндеттеріне сәйкес болуы;
- ✓ жалпы эмоциялық әсері;
- ✓ сюжет және композиция;
- ✓ түстер үйлесімдігі;
- ✓ ой түпнұсқалығы.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

21. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежедегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың және қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> сайтында автоматты жүктеу сілтемесі арқылы орналастырылады.